




EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY

Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ ДАЙДЖЕСТІ «2025 жылдың IV тоқсанындағы Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың жетістіктері мен оқиғалары»



ШҚТУ UNIRANK ЖАҒАНДЫҚ РЕЙТИНГІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ АРАСЫНДА КӨШБАСШЫЛЫҚТЫ ЖАЛҒАСТЫРУДА

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті әлемдік университеттер мен колледждер UniRank 2025 жаһандық рейтингінде қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 1-орынды иеленіп отыр, Цифрлық көшбасшы мәртебесін тағы да растады!

[Толығырақ](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS: ASIA 2026 РЕЙТИНГІНДЕ

QS World University Rankings: Asia 2026 жарияланды. Азиядан 25 елдің 1526 университеті рейтингке енді, оның ішінде Қазақстаннан 44 жоғары оқу орны. Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ QS Asia 2026 рейтингінде 309-орынға шықты.

[Толығырақ](#)



СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ – QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS: SUSTAINABILITY 2026 БЕДЕЛДІ ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГІНДЕ

Рейтинг қорытындысы бойынша, Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ бағалау жүргізілген 2002 оқу орнының ішінде 1301–1400 орынды иеленді. Бұл жетістік университеттің тұрақты даму принциптеріне бейілділігін және оның жаһандық деңгейде жоғары бағаланатынын көрсетеді.

[Толығырақ](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ TIMES HIGHER EDUCATION REЙТИНГІНДЕ ТАҒЫ ДА ӘЛЕМДІК КӨШБАСШЫЛАР ҚАТАРЫНАН КӨРІНДІ

2025 жылғы 20 қарашада Schmidt Science Fellows қорының қолдауымен дайындалған Times Higher Education Interdisciplinary Science Rankings (THE ISR) 2026 жаһандық рейтингісінің екінші шығарылымының нәтижелері жарияланды. Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті междисциплинарлық зерттеулер бойынша екінші жыл қатарынан әлемдік көшбасшылар қатарына енгенін растап отыр.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ ЕО ЕЛДЕРІМЕН ӘРІПТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУДА: ФРАНЦИЯ ЕЛШІСІНІҢ САПАРЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетіне Француз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сильван Гиоге ресми сапармен келді. Университет әкімшілігі делегацияны қарсы алып, оқу орнының қызметі, ғылыми жетістіктері мен халықаралық жобалары туралы ақпаратпен бөлісті.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ТАШКЕНТТЕ ӨТКЕН CIRCULEC ЖОБАСЫНЫҢ МОНИТОРИНГТІК КЕЗДЕСУІНЕ ҚАТЫСЫП, ЫНТИМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДЕРГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

2025 жылғы 9 қазанда Ташкент қаласында Вестминстер халықаралық университеті (Westminster International University in Tashkent, WIUT) базасында Erasmus+ CBHE «Циркулярлық экономика мен тұрақты даму бойынша инновациялық білім беру бағдарламалары мен модульдерін әзірлеу» (CirculEC, жоба №101129169) жобасының пилоттық мониторингтік кездесуі өтті.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ ДУШАНБЕ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ERASMUS+ CIRCULES ПИЛОТТЫҚ МОНИТОРИНГТІК КЕЗДЕСУІНЕ ҚАТЫСТЫ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ делегациясы Душанбе қаласында өткен Erasmus+ CircuLES жобасының пилоттық мониторингтік кездесуіне қатысты. Жоба «Циркулярлық экономика және тұрақты даму саласында инновациялық білім беру бағдарламалары мен модульдерін әзірлеу» тақырыбын қамтиды және Erasmus+ бағдарламасы аясында, Еуропалық Одақ қаржылай қолдауымен жоғары білім саласындағы елеуетті арттыруға бағытталған.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ EUROPEAN RAW MATERIALS WEEK 2025

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің (ШҚТУ) өкілдері European Raw Materials Week 2025 іс-шарасына қатысты. Бұл — Еуропалық комиссияның стратегиялық маңызы бар шикізат ресурстарын (Critical Raw Materials, CRM) дамыту мәселелеріне арналған жыл сайынғы негізгі халықаралық іс-шарасы.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ ТАШКЕНТТЕ ӨТКЕН QS EURASIA FORUM 2025 АЛАҢЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТТЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті өңірдің академиялық кеңістігіндегі маңызды шаралардың бірі — Ташкентте өтіп жатқан және Еуразияның жетекші университеттерін біріктіретін QS Eurasia Forum 2025 форумына қатысуда.

[Толығырақ](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «SMART DRIVING TECHNOLOGY» ИНЖИНИРИНГ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АШЫЛУЫ ӨТТІ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде «SMART Driving Technology» Инжиниринг орталығының ашылуы өтті. Бұл — Қазақстан мен Қытай арасындағы инженерлік білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі жобасы болып саналатын Лу Бань шеберханасының дамуының жаңа кезеңі.

[Толығырақ](#)



«ЕУРАЗИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР: ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ» XXIV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған XXIV халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференция жұмысына Қазақстанның ғылыми қауымдастығының өкілдері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарының өкілдері, сондай-ақ жетекші шетелдік сарапшылар мен ғалым-демографтар қатысты.

[Толығырақ](#)



«APPLIED PHOTOGRAMMETRY AND REMOTE SENSING FOR ENVIRONMENTAL AND INDUSTRY» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің (ШҚТУ) өкілдері ISPRS Техникалық комиссиясының бастамасымен Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында өткен «Applied Photogrammetry and Remote Sensing for Environmental and Industry» халықаралық конференциясына қатысты.

[Толығырақ](#)



2025 ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ ЖАСЫЛ УНИВЕРСИТЕТІ ШҚТУ-ДА ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОНЛАЙН-СЕМИНАР «GREEN UNIVERSITY» ӨТТІ.

ШҚТУ базасында Zoom платформасында өткен «Green University» атты жыл сайынғы халықаралық онлайн-семинар ұйымдастырылды. Семинарға Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Беларусь, Түркия және Венгрия университеттерінің өкілдері қатысты. Биылғы семинарға 200-ден астам қатысушы тіркеліп, шамамен 30 спикер өз университеттерінде тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) іске асыру тәжірибесімен бөлісуге ниет білдірді.

[Толығырақ](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ РЕКТОРЫ С. Ж. РАХМЕТУЛЛИНАНЫҢ БРИФИНГІ: ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде басқарма төрағасы – ректор Рахметуллина Сәуле Жадыгерқызының университет қызметінің қорытындылары мен дамуындағы стратегиялық бағыттарды айқындауға арналған брифингі өтті. Іс-шараға бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, мемлекеттік органдар, серіктес кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар, профессор-оқытушылар құрамы, студенттер және ата-аналар қатысты.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ ҚР ҒЖБМ-НІҢ AI-SANA ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҮЗДІКТЕРДІҢ ҚАТАРЫНДА!

«Қазақстан - академиялық білім аумағы» атты халықаралық стратегиялық серіктестер форумының аясында, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған іс-шарада Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті «Smart Safety Monitor» атты өнеркәсіптік қауіпсіздіктің зияткерлік жүйесін таныстырды. Жоба Industrial AI құзыреттер орталығының базасында әзірленген.

[Толығырақ](#)



AI-SANA: EKTU DEMO DAY – ҚАЗАҚСТАН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ БОЛАШАҒЫНА БАҒЫТТАЛҒАН СТУДЕНТТІК ИННОВАЦИЯЛАР!

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде «AI-Sana: EKTU Demo Day» атты негізгі күзгі форум өтті. Іс-шара ұлттық AI-Sana бағдарламасы аясында, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Шығыс Қазақстан облысының Цифрландыру және архивтер басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды.

[Толығырақ](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ СТУДЕНТТЕРІ — WORLD VOCATIONAL COLLEGE SKILLS COMPETITION 2025 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің студенттері ҚХР-дың Тяньцзинь қаласында өткен World Vocational College Skills Competition 2025 халықаралық кәсіби шеберлік чемпионатында қола медаль жеңіп алды.

[Толығырақ](#)



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ХАКАТОН ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Семей қаласында «AI-Sana Shakarim Solveathon: AI & Agriculture–2025» республикалық хакатон өтті.

Solveathon — студенттерді, зерттеушілерді және индустрия өкілдерін біріктіретін инновациялық жобаларға арналған шешімдер әзірлеу хакатон. Үш күн бойы командалар аграрлық сала мен жасанды интеллект бағытындағы индустриялық серіктестер ұсынған нақты міндеттерге шешімдер әзірледі.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ СТУДЕНТІ ЦИФРЛЫҚ КАМПУС ҮШІН PRINTUP SMART-ТЕРМИНАЛЫН ӘЗІРЛЕДІ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті базасында ШҚТУ-дың ең бастамашыл жас инженерлері өз әзірлемелерін ұсынған CDIO студенттік инженерлік жобалар жәрмеңкесі өтті.

[Толығырақ](#)



ТАРИХТА ЖАСЫЛ ІЗ: ШҚТУ — ТАЗА ҚАЗАҚСТАН ҮШІН!

Осы аптада елімізде «Таза Қазақстан» атты кең ауқымды экологиялық акция өтті. Бұл бастамаға 600 мыңнан астам адам қатысты. Акция аясында шамамен 2,4 миллион көшет отырғызылды, ал Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы Ботаникалық бақта ағаш отырғызу шарасына қатысты.

[Толығырақ](#)



ҚОҒАМ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН – ШҚТУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ!

Республика күніне арналған салтанатты іс-шарада ел мен өңірдің дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар марапатталды. Марапатталғандардың қатарында Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің қызметкерлері бар.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРІ «ДАРЫН» МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ АТАНДЫ

Астанада «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының 20 лауреаты марапатталды. Олар мәдениет, ғылым, медиа, спорт салаларында елеулі жетістіктерге жеткен және қоғам мен салалардың дамуына үлес қосатын инновациялық жобаларды жүзеге асыратын жас қазақстандықтар. Жоғары наградаға «Veritas» артықшылық орталығының ғылыми қызметкері, Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың «Жас Ғалым» бағдарламасы бойынша постдокторанты Меруерт Еркінқызы Өтегенова да ие болды.

[Толығырақ](#)



АКАДЕМИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ: ШИХЭЦЗЫ УНИВЕРСИТЕТІ (ҚЫТАЙ)

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің бес студенті академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында бір семестрге Қытайдың Шихэцзы университетіне аттанды. Бұл жоба Қазақстан мен Қытай университеттерінің тығыз ынтымақтастығының нәтижесінде жүзеге асып отыр.

[Толығырақ](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ СТУДЕНТТЕРІ DIGITAL BRIDGE ASTANA 2025 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫНА ҚАТЫС

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің студенттері Орталық Азиядағы ең ірі технологиялық іс-шаралардың бірі – Digital Bridge Astana 2025 форумына қатысты. Форум 2–4 қазан аралығында Астанадағы EXPO IEC аумағында өтті.

[Толығырақ](#)